

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 2020 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫСЫ

Комитеттер қимасында:

- ♦ Стратегия және қоржынды басқару жөніндегі комитет (СҚБК): 5 отырыс, 84 сұрақ;
- ♦ Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет (ТжСК): 12 отырыс, 88 сұрақ;
- ♦ Аудит жөніндегі комитет (АК): 9 отырыс, 108 сұрақ;
- ♦ Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму комитеті (ЕКЕҚОҚОДК): 4 отырыс, 40 сұрақ;
- ♦ Қаржы комитеті (ҚК): 3 отырыс, 23 сұрақ.

2020 жылы Директорлар кеңесі ҚМГ даму стратегиясын өзектендіру, қаржылық орнықтылықты қамтамасыз ету, инвестициялық жобаларды басқару және орнықты даму проблематикасы, корпоративтік басқаруды жетілдіру, ішкі аудит және тәуекелдерді басқару мәселелері, менеджмент қызметінің негізгі көрсеткіштерін әзірлеу, цифрлық трансформация мәселелері, сондай-ақ қызметкерлердің қауіпсіздігі мен әл-ауқаты мәселелеріне ерекше назар аударды.


2020 жылы
Директорлар кеңесі

16 ОТЫРЫС

өткізіп, онда

317 МӘСЕЛЕ
ҚАРАЛДЫ

Отырыстар саны



Қаралған мәселелер саны



2020 жылы Директорлар кеңесі қараған мәселелер, санаттар бойынша

Есептер	Стратегиялық мәселелер	Корпоративтік басқару мәселелері	Мәмілелер жасасу мәселелері
<ul style="list-style-type: none"> ◆ ҚМГ Басқарма төрағасының ҚМГ қызметіндегі негізгі өзгерістер туралы есебі ◆ ҚМГ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ақпараты ◆ COVID-19 туралы ақпарат ◆ ҚМГ қаржы-шаруашылық қызметінің алдын ала нәтижелері жөніндегі есеп ◆ ҚМГ компаниялар тобының инвестициялық жобаларын іске асыру мәртебесі туралы ақпарат ◆ ҚМГ-нің 2028 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру туралы есеп ◆ ҚМГ Директорлар кеңесі комитеттері төрағаларының есептері ◆ ҚМГ-нің IPO-ға шығуға дайындық мәселесі бойынша ағымдағы мәртебесі туралы ақпарат ◆ Deloitte жедел желісіне түскен өтініштер туралы есеп ◆ ҚМГ Басқармасы шешім қабылдаған, жасалуына мүдделілік бар жасалған мәмілелер туралы есеп ◆ Тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есеп ◆ ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімдерін/тапсырмаларын орындау туралы есеп 	<ul style="list-style-type: none"> ◆ ҚМГ-нің 2020-2024 жылдарға арналған түзетілген шоғырландырылған даму жоспарын бекіту ◆ ҚМГ дағдарысқа қарсы стратегиясын әзірлеу ◆ ҚМГ қызметінің негізгі корпоративтік көрсеткіштерін және олардың мақсатты мәндерін бекіту ◆ ҚМГ орталық аппаратының құрылымын бекіту ◆ Инвестициялық жобаларды іске асыру мәселелері ◆ Келісімшарттық аумақтарды немесе олардың бөліктерін белгіленген тәртіппен мемлекетке қайтаруды келісу ◆ Басшы қызметкерлер жұмысының негізгі мотивациялық көрсеткіштерінің карталарын және олардың мақсатты мәндерін бекіту ◆ ҚМГ мұнай сатып алу, мұнай өнімдерін сатып алу-сату туралы шарттар жасасуы 	<ul style="list-style-type: none"> ◆ 2019 жылдың қорытындылары бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі қызметінің өзін-өзі бағалау нәтижелері ◆ Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің жұмыс жоспарын, Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің отырыстарын өткізу кестесін бекіту ◆ Директорлар кеңесі комитеттерінің құрамына өзгерістер енгізу ◆ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-та корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша 2019-2020 жылдарға арналған егжей-тегжейлі жоспар іс-шараларының орындалу барысы туралы тұрақты есептерді бекіту ◆ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-та корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі 2019-2020 жылдарға арналған егжей-тегжейлі жоспарға өзгерістер мен толықтыруларды бекіту ◆ Акционерлердің «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың және оның лауазымды тұлғаларының 2019 жылғы іс-әрекеттеріне арыздары және оларды қарау қорытындылары ◆ ҚМГ-нің 2019 жылғы жылдық есебін бекіту ◆ 2019 жылғы ҚМГ-нің орнықты дамуы туралы есепті бекіту 	<ul style="list-style-type: none"> ◆ Жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасасу ◆ Ірі мәмілелер жасасу
Еншілес және тәуелді ұйымдардың мәселелері	Ішкі нормативтік құжаттарды бекіту	Кадрлық және сыйақы	Директорлар кеңесі бөлімшелерінің мәселелері
<ul style="list-style-type: none"> ◆ ЕТҰ байқау кеңестерінің басшыларын, мүшелерін сайлау, олардың өкілеттіктерін тоқтату ◆ ЕТҰ Жарғыларына өзгерістер енгізу ◆ ЕТҰ қызметінің негізгі корпоративтік көрсеткіштерін келісу ◆ ЕТҰ-дағы қатысу үлестерін сатып алу, иеліктен шығару 	<ul style="list-style-type: none"> ◆ ҚМГ ішкі құжаттарын бекіту және олардың күшін жоюға қою 	<ul style="list-style-type: none"> ◆ ҚМГ қызметкерлерінің штат санын бекіту ◆ ҚМГ Басқарма мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және сайлау, ҚМГ Басқармасының мүшелеріне лауазымдық айлықақылар мөлшерін, еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын белгілеу ◆ ҚМГ-нің 2018-2028 жылдарға арналған кадр саясатын іске асыру барысы туралы ◆ 2019 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша ҚМГ басшы қызметкерлеріне сыйақы мөлшерін белгілеу 	<ul style="list-style-type: none"> ◆ Корпоративтік хатшы қызметінің, комплаенс қызметінің, ішкі аудит қызметінің, омбудсменнің есептері ◆ Комплаенс қызметінің, ішкі аудит қызметінің, омбудсменнің жұмыс жоспарларын бекіту; ◆ Корпоративтік хатшы қызметінің, ішкі аудит қызметінің, Комплаенс қызметінің, омбудсменнің кадрлық мәселелері ◆ Ішкі аудит қызметі жұмысының стратегиясын бекіту

2020 ЖЫЛҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕССИЯ

2020 жылғы 20 қарашада Стратегиялық сессия (Компанияның Даму стратегиясы бойынша Директорлар кеңесінің жеке отырысы) өткізілді, оның барысында өзгерген сыртқы орта мен дағдарысқа қарсы шараларды ескере отырып, 2018 жылы бекітілген ҚМГ-нің 2028 жылға дейінгі Даму стратегиясын іске асыруға байланысты мәселелер қаралды. ҚМГ-нің Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері арасында ең өзекті тақырыптар бойынша сындарлы пікірталас өтті. Атап айтқанда, ҚМГ-нің қолданыстағы Даму стратегиясы, ағымдағы құн тізбегі, ҚМГ қызметінің тиімділігін арттыру және трансформациясы, активтер қоржыны және бизнесті ықтимал әртараптандыру, ҚМГ-нің перспективалық және орнықты дамы мәселелері қозғалды.

КОМПАНИЯНЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫН БАҚЫЛАУ

ҚМГ-нің стратегиялық бастамаларына бақылауды жүзеге асыру және уақытылы түзету шараларын қабылдау мақсатында Директорлар кеңесі қызметінің негізгі өзгерістері бойынша ҚМГ Басқарма төрағасының есебін, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ақпаратты, қаржы-шаруашылық қызметтің алдын ала нәтижелері бойынша есепті, жасалуына мүдделілік бар, олар бойынша Басқарма шешім қабылдаған мәмілелер туралы есепті, стратегияны, ҚНҚ-ны және инвестициялық жобаларды орындау мәртебесіне шолуды, ҚМГ-нің шоғырландырылған Даму жоспарын іске асыру туралы есепті, тәуекелдер жөніндегі есепті, Директорлар кеңесі комитеттері төрағаларының есептерін, Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуы туралы есепті, сондай-ақ Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметтердің жұмысы туралы есептерді тұрақты түрде тыңдайды.

Директорлар кеңесінің Стратегия және қоржынды басқару жөніндегі комитеті әрбір отырыста ірі мұнай-газ жобаларын (Қашаған, Қарашығанақ, Теңіз кен орындарында) іске асыру, трансформация, жекешелендіру туралы есептерді қарайды және талқылайды.

Директорлар кеңесінің төрағасы мен оның ролі

Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесіне жалпы басшылық үшін жауап береді, Директорлар кеңесінің өзінің негізгі функцияларының толық және тиімді іске асырылуын және Директорлар кеңесінің мүшелері, ірі акционерлер мен Басқарма арасында конструктивтік диалогтың құрылуын қамтамасыз етеді. Тәуелсіз директор Директорлар кеңесінің төрағасы болып табылады.

Тәуелсіз директорлар мен олардың ролі

Тәуелсіз директорлар тәуелсіздіктің барлық заңнамалық критерийлеріне, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының директорлар кеңесінің құрамдарын қалыптастыру қағидаларына және Кодекске сәйкес келеді.

Ең үздік халықаралық практикаларды ұстана отырып, Компания өзінің тәуелсіз директорларының жоғары стандарттарға сәйкес келуіне ұмтылады және директордың тәуелсіздігін нашарлата алатын немесе нашарлатты деп көрінетін өзге мән-жайлардың жоқ екенін мәлімдейді. Директорлар кеңесінің жұмысында Директорлар кеңесінің комитеттерінде

2020 жылы Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің отырыстарына қатысуы

Директорлар кеңесінің мүшесі	2020 жылдағы отырыстар ¹					
	Директорлар кеңесі	Аудит жөніндегі комитет	Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет	Стратегия және қоржынды басқару жөніндегі комитет	Қаржы комитеті	Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму комитеті
Уолтон Кристофер Джон	16/16	3/3	12/12	5/5	3/3	4/4
Уайт Стивен Джеймс ²	7/7	6/6	8/8	3/3	3/3	2/2
Дайер Филип Джон ²	7/7	6/6	8/8	3/3	3/3	2/2
Виана Палья да Силва Луис Мария ²	7/7	6/6	8/8	3/3	3/3	2/2
Грюал Балжит Каур ²	7/7	–	–	3/3	3/3	–
Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы	16/16	–	8/8	5/5	–	4/4
Сәтқалиев Алмасадан Майданұлы	16/16	–	–	–	–	–
Эспина Энтони	16/16	–	12/12	5/5	3/3	–
Айдарбаев Алик Серікұлы	16/16	–	–	–	–	–
Холланд Филип Малкольм ³	9/9	3/3	4/4	2/2	–	–
Миллер Тимоти Глен ³	9/9	3/3	–	2/2	–	2/2

¹ Бірінші цифр Директорлар кеңесінің мүшесі қатысқан отырыстардың санын, екіншісі — Директорлар кеңесінің мүшесі қатыса алатын отырыстардың жалпы санын көрсетеді.

² ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі өкілеттігін 2020 жылғы 28 маусымда тоқтатты.

³ ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде 2020 жылғы 17 тамызда сайланды.

көпшілікті құрайтын және олардың төрағалары болып табылатын тәуелсіз директорларға маңызды роль бөлінген.

Директорлар кеңесінде сабақтастықты жоспарлау, лауазымға кіру және біліктілікті арттыру

Компания Директорлар кеңесі мүшелерінің сабақтастығын қамтамасыз ету саясаты мен сабақтастық жоспарын әзірледі, бұл ретте Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитеттің отырысы шеңберінде Директорлар кеңесінің қызметін бағалауды ескере отырып, осы құжаттарды қайта қарау туралы шешім қабылданды.

ҚМГ-де Директорлар кеңесі 2017 жылы бекіткен ҚМГ Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері үшін лауазымға енгізу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) қолданылады. 2020 жылғы маусымда Бағдарлама Директорлар кеңесінің шешімімен Компанияның функционалдық блоктарының басшыларымен кездесулер, сондай-ақ Директорлар кеңесі комитеттерінің төрағаларымен кездесулер өткізу қажеттілігі туралы тармақпен толықтырылды. Корпоративтік хатшы Бағдарламаның орындалуына, яғни Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерінің онда көзделген барлық іс-шаралардың іс жүзінде өтуіне мониторинг жүргізеді. 2020 жыл ішінде Бағдарламаға сәйкес лауазымға енгізу рәсімінен ҚМГ Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері Ф.М. Холланд және А. Г. Миллер өтті, олар сұрау салу бойынша ҚМГ функционалдық блоктарының басшыларымен кездесулер ұйымдастырды. Директорлар кеңесінің төрағасы К.Д. Уолтон сондай-ақ Бағдарламаның өтуін ұйымдастыру мәселелерін талқылау мақсатында Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерімен конференц-қоңырау өткізді.

Директорлар кеңесінің мүшелері өз біліктілігін үздіксіз жетілдіріп отырады және өткен тренингтер туралы мәліметтерді ұсынады, олар туралы ақпарат Компанияның веб-сайтында орналастырылады.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ

Кодекске сәйкес, Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің комитеттері мен мүшелері Директорлар кеңесі бекіткен құрылымданған процестің шеңберінде, жыл сайын бағалануы тиіс. Осы процесс «Самұрық-Қазына» АҚ әдіснамасына сәйкес келуі тиіс. Бұл ретте, бағалау, тәуелсіз кәсіпқой ұйым тартылып, үш жылда кемінде бір рет жүргізіледі.

Тәуелсіз консультант компаниясын тарта отырып, жеке тәуелсіз бағалау 2017 жылы жүргізілді, оның нәтижелері ҚМГ Директорлар кеңесінің жаңа құрамын қалыптастыру кезінде пайдаланылды. Сондай-ақ, 2018 жылы тәуелсіз консультантты тарта отырып, Әдістеме негізінде ҚМГ корпоративтік басқаруының тәуелсіз диагностикасы жүргізілді, өзгелерден басқа, оған Директорлар кеңесінің қызметін бағалау кірді.

Директорлар кеңесінің қызметін келесі тәуелсіз бағалау 2021 жылға жоспарланып отыр. Бұл ретте, 2020 жылы Кодекс талаптарына сәйкес Директорлар кеңесі мүшелерінің өзін-өзі бағалауы 2019 жылдың қорытындылары бойынша сауалнама жүргізу арқылы жүргізілді. Өзін-өзі бағалауға арналған сауалнаманы Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет пен Директорлар кеңесінің төрағалары бірлесіп әзірледі. Сауалнама екі бөлімнен тұрды – «Құрам және процестер», «Мінез-құлық және іс-әрекеттер» және 30 сұрақ. Өзін-өзі бағалау нәтижелері Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитетте алдын ала қаралды. Бұдан әрі нәтижелер Директорлар кеңесінің жабық отырысында ұсынылды және талқыланды, оған Директорлар кеңесінің мүшелері мен Корпоративтік хатшы ғана қатысты. Талқылау шеңберінде Директорлар кеңесі мүшелерінің өзін-өзі бағалау нәтижелерін талдау көрсетілді және төрт балдан (ең жоғары бес балдан) (бұдан әрі – жетілдіруге арналған салалар) төмен бағаланған дағдылар мен құзыреттер көрсеткіштері қаралды. Осыған байланысты Директорлар кеңесінің жетілдіруге арналған салаларға қатысты қызметін жетілдіру мақсатында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың 2019-2020 жылдарға арналған корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі егжей-тегжейлі жоспарына (бұдан әрі – КБЖЕЖ) тиісті толықтырулар әзірленді және бекітілді. 2020 жылғы 8 желтоқсанда Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитеттің отырысында 2020 жылғы қызмет қорытындылары бойынша өзін-өзі бағалауды жүргізу туралы мәселе қаралды, оның шеңберінде Корпоративтік хатшы 2019 жылғы өзін-өзі бағалау қорытындылары бойынша КБЖЕЖ-ның іс-шараларын іске асыру мәртебесі туралы ақпарат берді.

2021 жылғы 1-тоқсанда Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің, Директорлар кеңесі мүшелерінің және Корпоративтік хатшының өзін-өзі бағалау тәсілімен бағалау процесі аяқталды, оның нәтижелері 2021 жылғы 9 ақпандағы Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитеттің отырысында қаралды (№1/2020 хаттама). Осыны ескере отырып, Директорлар кеңесі оның қызметіндегі жақсартуларды одан әрі талқылауды жүргізетін болады.

¹ https://www.kmg.kz/rus/kompaniya/korporativnoe_upravlenie/treningi_chlenov_soveta_direkt/